

«Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» ЖШС

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің 2020
жылғы 4 мамырындағы №175
бұйрығына 1-қосымша сәйкес

**«Сынып жетекшісі жұмысының әдістемесі»,
«Методика работы классного руководителя»**

**тақырыбындағы қазақ, орыс мектептердің жалпы білім беретін
мектептердің сынып жетекшілеріне арналған**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80

**Тыңдаушылар санаты: жалпы білім беретін
мектептердің сынып жетекшілері**

**«Сынып жетекшісі жұмысының әдістемесі», «Методика работы
классного руководителя»
тақырыбындағы қазақ, орыс мектептердің жалпы білім беретін
мектептердің сынып жетекшілеріне арналған
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Жалпы ережелер

Ұлттың болашағы – ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында. Ал, ұстаз мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты.

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес сұранысты негізге ала отырып әзірленген.

Бағдарлама Қазақстан Республикасында орта білім беру саласындағы жаңа нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Оқу барысында тыңдаушылар бағдарламаның бөлімдерімен танысып оқу қағидаттары және табысты қажетті әдіс-тәсілдер мен дағдылар жан-жақты зерделенеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен айқындалған білім берудің жаңа сапасына көшу қазіргі жағдайда білім беру саласы дамуының басты тенденциясы болып табылады, ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР білім беруді дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы т.б. құқықтық және нормативтік құжаттарға сәйкес құрастырылған.

Соңғы уақытта қоғамда агрессия мен зорлық-зомбылық мәселесі алаңдатушылық туғызып отыр. Әсіресе орта білім беру кеңістігі сезімталдық танытып отыр. Мектеп жасындағы жасөспірімдер тарапынан жасалған зорлық-зомбылық, бұзақылық әрекеттерінің көбеюі байқалады. Бұл балалардың қарым-қатынасындағы қатыгездік, қорлау және келемеждеу, жеке бастың бұзылуына және депрессиялық күйге әкеледі.

Мәселенің түбегейлі шешімін тек ата-ана және мектептің бірлескен жұмысы нәтижесінде ғана алдын алады, қадағаланады, реттеледі. Себебі ақпарат кеңістігінің қарыштап дамуы аталған мәселенің ауқымын одан әрі шиеленістіріп, біржақты отбасы немесе мектеп тарапынан шешілетін мәселе деген жаңсақ көзқарас кателікке ұрындырады.

Мектеп-мемлекет пен отбасылар арасындағы қоғамдық сұранысты қанағаттандырушы делдал мекеме, әлеуметтік институт.

Орта білім беру ұйымдары мұғалімдерінің сынып жетекші қызметіне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының «Сынып жетекшісі жұмысының әдістемесі» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) орта білім беру ұйымдарының мұғалімдерін, тәрбиешілерін оқытуды регламенттейді.

Тәрбие – жеке тұлғаны мақсатты қалыптастыру процесі. Бұл арнайы ұйымдастырылған, басқарылатын және бақыланатын, соңғы нәтижесі қоғамға қажет және пайдалы тұлға қалыптастыру болып табылатын тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекеті.

Елдегі орын алған оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде өз көрінісін тауып отыр. Тәрбие ісінде жалпықазақстандық менталитетті, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерді ескере отырып, ұлттың зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда.

Сонымен қатар, балалар мен жастардың азаматтық позициясы, патриоттық сезімі мен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасу деңгейі жеткіліксіз болып отыр. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс жоғары, нашақорлық, суицид, жастар ортасына экстремистік және радикалдық идеялар мен көзқарастардың енуі және тағы басқа келеңсіз құбылыстар байқалады.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға, Қазақстанның патриоты-азаматын тәрбиелеуде ата-аналармен қатар мектептің, оның ішінде сынып жетекшілерінің ықпалы зор.

Жалпы білім беретін мектептегі сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырумен, үйлестірумен және өткізумен айналысатын педагог. Сынып жетекшісі тәрбиелеудің әр алуан түрлері мен басты бағыттары арқылы мектеп пен бала арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырып, әр оқушының жеке өзіндік ерекшелігін көрсете білуі, қоғамда табысты әлеуметтенуі үшін жағдай жасайды. Ол өз қызметінде балалардың тума нышандары мен қабілеттерін дер кезінде айқындау, әрі оңды дамыту, қауіпсіздік, эмоциялық жайлылығы үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді.

Ата-аналарға қоғамның даму тенденцияларынан туындайтын түсінбеушіліктермен қатар, баланың үйлесімді дамуы, әлеуметтенуіндегі біржақты жауапкершіліктің жеткіліксіздігінен мектеп тарапынан педагогикалық қолдау білдіру, оларды ақпараттандыру, бала тәрбиесіне қатысты жаңашылдық идеялармен қатар, ұлттық құндылық маңызын, қоғамдағы толеранттылықтың қажеттілігі туралы білім бағдарынан пікір алмасу кеңістіктері қалыптасады.

Бағдарлама орта білім беру ұйымдарының мұғалімдерінің сынып жетекші ретінде педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз.

Тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілін және қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу;

- Көшбасшылық қасиеттері бар, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеу;

- оқушының өзіне тән қабілеттерін даму мүмкіндігі мен білім, білік дағдыларын қалыптастыру және қолдану жолдары арқылы кәсіби құзыреттілікті дамыту.

Біліктілікті арттыру курсының ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтердің негіздемесі:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029031](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031));

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029136](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029916](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916))

3. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2300032306](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306))

4. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жана редакцияда - ҚР Оқуағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2000020708](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708) 6

5. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2200029329](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329))

6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.11.2017ж. №596 бұйрығы, 05.07.2023 ж. №197 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1700016138](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138));

7. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондайак арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1600013272](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272))

8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1600013317](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317))

9. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2000020317](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317))

10. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1500010768](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768))

11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2000020292](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292)

12. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2100023890](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890))

13. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 29.01. 2016 ж №122 бұйрығы) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1600013418](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013418))

14. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. № 175 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/rus/docs/ V2200029446](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029446))

15. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279>)

16. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420>);

17. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553>)

2. Глоссарий

Ата-ана - отбасының негізгі дінгегі, бастапқы дәнекері.

Ата-аналармен жұмыс - оқу тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстыру, педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру, балалармен бірге әрекетке қатыстыру, отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңес беру, әртүрлі қоғамдық ұйымдарымен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуі.

Гуманизм (лат. humanitas — (human - Кісі) — адамның кісілік қадір-қасиетін, адамның еркіндігін, адамның бақытқа құштарлығы мен талпынысын, адамның құқы мен жауапкершілігін, арын, намысын, мейірбандығы мен қайсарлығын, адамның жасампаздығын - яғни адамның барша адами қасиеттерін ұлықтайтын, даралығы мен дамуын дәріптейтін идея.

Педагогикалық қолдау - баланың дамуына көмектесу және оның денсаулық, қатынас, оқыту, өзін-өзі өмірлік анықтауы мәселелерін шешуге бағытталған өзін-өзі дамытуына ықпал ету, тиімді жағдайлары (тұлғааралық қатынастар атмосферасы, қарым-қатынас стилі, педагогикалық әдеп және т.б.)

Сынып жетекші - сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырумен, үйлестірумен және өткізумен айналысатын педагог, сынып ұжымындағы әр алуан тәрбиелеудің түрлері арқылы мектеп пен бала арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырып, әр оқушының жеке өзіндік ерекшелігін көрсете білуіне жағдай жасап, өз қызметін оқу-тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесінде жүзеге асыратын өз ісінің шебері.

Өзгермелі көпмәдениетті ортадағы мінез-құлық дағдылары - әлемдегі әр түрлі халықтардың мәдениетаралық интеграцияда мәдени ұқсастықтарды сақтауы, адамдардың өзара түсінісуі, тұлғааралық диалог

Толеранттылық - өзіндік айырмашылықты, өзгешелікті, ерекшелікті мойындау, басқа түрлерге төзімділікпен қарау, өзге сенімдегі, көзқарастағы, әрекеттегі кісілердің таңдау құқын құрметтеу, қалыңыстарды өзара сұхбат

пен келісім арқылы шешу жолын қарастыру, зорлық күшке жүгінбеу, дөрекі, не мәдениетсіз амалдарды қолданбау, кешірімшіл және жанашыр болу секілді осы заман қоғамындағы түрлі сенімдер мен бағыттардың қатар өмір сүру және өзара сәйкесу ережесі.

Тәрбие – жеке тұлғаны мақсатты қалыптастыру процесі. Бұл арнайы ұйымдастырылған, басқарылатын және бақыланатын, соңғы нәтижесі қоғамға қажет және пайдалы тұлға қалыптастыру болып табылатын тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекеті.

Тұлғаның әлеуметтік-маңызды және жеке қасиеттерін, ерекшеліктерін қалыптастыру (әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық) әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде мінез-құлықтың өз стилін, шығармашылығын және дербестігін дамытуды, қоғамда болып жатқан өзгерістерге жылдам және тәнік (адекватты) әрекет етуді, белсенді өмірлік ұстанымы болуын көздейді.

Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өмірге адамның тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін құндылықты қатынасты қалыптастыру. Рухани тәрбие - борыш, әділеттік, шындық, жауапкершілік, т.с.с. адамның ісі мен ойына жоғары мән бере алатын қасиеттерді тәрбиелеу.

Құндылық — белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі. Сырттай құндылық зат не құбылыстың қасиеті болып анықталады. Алайда оның маңыздылығы мен пайдалылығы табиғаттан, объектің ішкі құрылымының әсерінен емес, адам болмысына енген, адам оған құштар не қажеттілік сезетін нақты қасиеттердің субъективті бағалануынан болады. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауында орын алады. Мысалға, стақан сусын ішу құралы ретінде өз пайдалы қасиетін тұтынушы құндылығы ретінде, материалдық игілік ретінде көрсетеді. Еңбек өнімі және тауар айналымының заты ретінде, стақан экономикалық құндылық, бағалық ретінде болады. Егер стақан өнер заты болса, ол тағы да эстетикалық құндылық, көркемдікке ие болады.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының «Сынып жетекшісі жұмысының әдістемесі» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама).

3. Бағдарлама тақырыбы

№	Дәріс түрі	Мазмұны, тақырыбы	Сағат саны
1	Теория Практика	Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Жолдауы 2 қыркүйек 2022жыл Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-III . (24.11.2015 жылы	6

		өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-ІІІ . (24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).	
2	Теория	Тәрбие мазмұнын жаңарту мәнмәтінінде тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу Тұлғааралық өзара қарым-қатынас психологиясы - оқушының тұлғалық қалыптасуының негізі ретінде қалыптасуының негізі. Тұлғааралық қарым-қатынастар талдауы. Көшбасшының топқа әсері.	2
3	Теория	Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Мектептегі тәрбие үдерісін ұзақ мерзімді (ҰМЖ), орта мерзімді (ОМЖ), қысқа мерзімді (ҚМЖ) жоспарлау («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен) Педагогика тарихында және заманауи кезеңде патриоттық және көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу негіздері. Мектептің тәрбие кеңістігінде оқушылардың көшбасшылық әлеуетін дамыту. Көшбасшылық сатылары. Көшбасшылықтың қағидаттары мен стильдері. Айқын және көмескі көшбасшылық. Витагендік педагогика теориясында тұлға тұжырымдамасының қалыптасуы. Шетелдегі балаларды көшбасшылық пен патриотизмге тәрбиелеу тәжірибесі. Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру. «Екі апта ауылда» және «Ата-анасының кәсіпорнындағы он күн», «TEDxNIS» клубы және «Оқиға орнынан репортаж», «Wikipedia» - өз Отанының патриоты мен азаматын тәрбиелеу құралы. («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен) Білім беру үдерісінде патриотизм мен көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, оқу және тәрбие үдерістерін кіріктіру	6
4	Семинар - практикум	Тәрбие үдерісінің рефлексиясы. М.И.Шилова, Н.П.Капустин, Е.Н.Степановтардың әдістемесі бойынша тәрбиелік деңгейінің диагностикасы . Мектептегі тәрбиенің рухани құндылықтық маңызы: қазіргі көзқарас	6

5	Семинар - практикум	Біліктілікті арттырудағы SMART оқытудың негіздері. Сынып жетекші қызметінде буллинг пен девианттық мінез құлық туралы іс шара ұйымдастырудан кейінгі ата-аналармен кері байланысты ұйымдастыру. Бала тәрбиесіне қатысты ситуация туындағанда ата-ананы педагогикалық қолдаудың технологиялық алгоритімі.	6
6	Семинар - практикум	Сынып жетекшісінің тәрбиелік жүйесін құрудағы контенттің маңызы (Kahoot. It сервері, ColaRMIX бағдарламасы)	4
7	Теория	Білім берудің жаңа философиясындағы тұлға тәрбиесі	4
8	Семинар - практикум	Жаңа тұрпатты педагогтың рухани - адамгершілік тұлғасы. Педагогикалық диагностикалау рәсімі (қалыптастырушы және белгілеуші критериялды бағалау карталары, тестілеу, сауалнама алу, қадағалау, сұхбат алу) («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен) Сыныптан тыс іс-шараны талдау және өздік талдаудың жаңа тәсілдері. Өзара және өзін-өзі бағалау Мемлекет, мектеп және отбасының ынтымақтастығы және өзара әрекеттестігі- оқушыларды патриоттық тәрбиелеу және дамыту тиімділігінің көрсеткіші	8
9	Практика	Білім берудің жаңа философиясындағы тұлға тәрбиесі Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасқандық деңгейін анықтау (тәрбиелік іс-шаралардан үзінділер, тестілеу).	6
10	Семинар - практикум	Ата-аналармен жұмыстың вариативті моделі. Жасөспірімдердің ата-аналарын педагогикалық қолдаудың вариативті формалары. Сынып жетекшілердің педагогикалық қолдау құзыреттілігін жетілдіру. «Kundelik.kz», «Google meet», «Microsoft teams», «Zoom», «Google диск» платформаларында ата-аналармен кері байланысты ұйымдастыру.	8
10	Семинар - практикум	Д.Карнегидің көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру технологиясы (А.С.Белкин бойынша) ҚР-ның білім кеңістігіне мұражайлық педагогиканы кіріктіру- өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру құралы. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы И.П.Ивановтың ҰШЖ (ұжымдық шығармашылық жұмыстар) технологиясы.	8
11	Іскерлік ойын	Сын тұрғысынан ойлау - білім мазмұнын жаңарту жағдайында тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізі (Чарльз Темпл, Джинни Стил, Курт Мередит). Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру. Заманауи мектептегі мабильдік және смарт оқыту.	8

13	Семинар - практикум	Қазақстан Республикасында және шетелде полимәдениетті тәрбиені дамыту және толеранттылық. Сабақта және сабақтан тыс уақытта толеранттылыққа тәрбиелеу. Мектепте оқушылық өзін-өзі басқару арқылы көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері Заманауи педагогтің жеке бренді, көшбасшылығы және бәсекеге қабілеттілігі.	8
		Барлығы	80

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау

Бағдарламаның міндеттері: Білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту.

1. Мектеп пен отбасының арасындағы байланыс арқылы буллинг пен девианттық мінез-құлықтың алдын алудың басты қағидаларын меңгеру;

2. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

3. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

4. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

5. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

6. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

7. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық

қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

8. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

9. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

10. Сынып оқушылары арасында үйлесім мен эмпатияны дамытудың психологиялық - педагогикалық кеңістігін құру тәсілдерін игеру.

Күтілетін нәтижелер:

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) Курсты аяқтаған кезде біледі: ғылыми тұрғыдан тәрбие жұмысының мақсаты, мазмұны құрылысын;

2) курсты оқыту барысында белсенді оқытудың әдістемесін, оны қолданудың түрлері және тәсілдерін;

3) инновациялық технологияны пайдалану жолымен білім берудің әдістемелік жүйесін жаңарту үрдісінің мәнін;

жасай алады

4) оқытуда белсенді оқыту стратегиясын пайдалануды;

5) оқу үрдісін ұйымдастыруда әртүрлі деңгейдегі сұрақтарды қолдануды;

6) педагогикалық (сыни ойлау, АКТ–ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) классификациясын жасай білу;

7) сабақты жоспарлау барысында өзін-өзі және өзара бағалау жолдарын;

8) оқушыларға тақырып мазмұнын меңгертуде өзара әрекеттесу мен әрекетке түсуде.

қолдана алады

9) белсенді оқытуды;

10) педагогикалық инновацияларды қабылдауды, өзінің жеке шығармашылығын, кәсіби күзіреттілігін көтеру дағдыларын;

11) жұмыс барысын жоспарлауда Блум таксономиясын қолдану және сыни ойлауға құрылған әрекеттерді ұйымдастыру жолдарын.

12) Ата-ананы педагогикалық қолдаудың маңызын түсіну, ата-ана мен мектеп байланысы, ұйымдастыру дағдыларын жетілдіреді; сынып оқушылары арасында үйлесім мен эмпатияны дамытудың психологиялық - педагогикалық кеңістігін құру тәсілдерін біледі, практикада қолдана алады.

13) Білім алушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу.

14) Өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік,

табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру.

15) Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау.

16) Жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру.

17) Қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

1. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

2. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

Диагностикалық тестілеу	1-Модульдің оқытылатын тақырыптары бойынша пәндік деңгейін бағалау
Нормативтік- құқықтық;	Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Жолдауы 2 қыркүйек 2022жыл Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-III . (24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары Барлығы-6 сағат
Психологиялық- педагогикалық модуль	Тәрбие мазмұнын жаңарту мәнмәтінінде тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу Тұлғааралық өзара қарым-қатынас психологиясы -

	оқушының тұлғалық қалыптасуының негізі ретінде қалыптасуының негізі. Тұлғааралық қарым-қатынастар талдауы. Көшбасшының топқа әсері. Барлығы-2 сағат
Мазмұндық модуль	Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Мектептегі тәрбие үдерісін ұзақ мерзімді (ҰМЖ), орта мерзімді (ОМЖ), қысқа мерзімді (ҚМЖ) жоспарлау («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен) Педагогика тарихында және заманауи кезеңде патриоттық және көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу негіздері. Мектептің тәрбие кеңістігінде оқушылардың көшбасшылық әлеуетін дамыту. Көшбасшылық сатылары. Көшбасшылықтың қағидаттары мен стильдері. Айқын және көмескі көшбасшылық. Витагендік педагогика теориясында тұлға тұжырымдамасының қалыптасуы. Шетелдегі балаларды көшбасшылық пен патриотизмге тәрбиелеу тәжірибесі. Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру. «Екі апта ауылда» және «Ата-анасының кәсіпорнындағы он күн», «TEDxNIS» клубы және «Оқиға орнынан репортаж», «Wikipedia» - өз Отанының патриоты мен азаматын тәрбиелеу құралы. («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен) Білім беру үдерісінде патриотизм мен көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, оқу және тәрбие үдерістерін кіріктіру Тәрбие үдерісінің рефлексиясы. М.И.Шилова, Н.П.Капустин, Е.Н.Степановтардың әдістемесі бойынша тәрбиелік деңгейінің диагностикасы . Педагогикалық диагностикалау рәсімі (қалыптастырушы және белгілеуші критериалды бағалау карталары, тестілеу, сауалнама алу, қадағалау, сұхбат алу) («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен) Сыныптан тыс іс-шараны талдау және өздік талдаудың жаңа тәсілдері. Өзара және өзін-өзі бағалау Мемлекет, мектеп және отбасының ынтымақтастығы және өзара әрекеттестігі- оқушыларды патриоттық тәрбиелеу және дамыту тиімділігінің көрсеткіші Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасқандық деңгейін анықтау (тәрбиелік іс-шаралардан үзінділер,

	тестілеу). Ата-анамен кері байланыстың сынып жетекші қызметіндегі рөлі. Ата аналарды педагогикалық қолдаудың заманауи мазмұны, әдістері, тәсілдері. Сынып жетекші қызметінде ата ананы педагогикалық қолдауды дамытудың шарттары. Сынып жетекші қызметінде буллинг пен девианттық мінез құлық туралы іс шара ұйымдастырудан кейінгі ата аналармен кері байланысты ұйымдастыру. Бала тәрбиесіне қатысты ситуация туындағанда ата-ананы педагогикалық қолдаудың технологиялық алгоритімі. Барлығы-48 сағат
Технологиялық модуль	Д.Карнегидің көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру технологиясы (А.С.Белкин бойынша). Ата-аналармен жұмыстың вариативті моделі. Жасөспірімдердің ата-аналарын педагогикалық қолдаудың вариативті формалары. Сынып жетекшілердің педагогикалық қолдау құзыреттілігін жетілдіру. «Kundelik.kz», «Google meet», «Microsoft teams», «Zoom», «Google диск» платформаларында ата аналармен кері байланысты ұйымдастыру. ҚР-ның білім кеңістігіне мұражайлық педагогиканы кіріктіру- өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру құралы Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы И.П.Ивановтың ҰШЖ (ұжымдық шығармашылық жұмыстар) технологиясы Сын тұрғысынан ойлау - білім мазмұнын жаңарту жағдайында тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізі (Чарльз Темпл, Джинни Стил, Курт Мередит). Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру. Заманауи мектептегі мабильдік және смарт оқыту Барлығы-8 сағат
Вариативтік модуль	Қазақстан Республикасында және шетелде полимәдениетті тәрбиені дамыту және толеранттылық. Сабақта және сабақтан тыс уақытта толеранттылыққа тәрбиелеу Мектепте оқушылық өзін-өзі басқару арқылы көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері. Заманауи педагогтің жеке бренді, көшбасшылығы және бәсекеге қабілеттілігі Барлығы- 16 сағат
	Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқу, оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 48 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалау критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК-не енгізеді.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу үдерсінде де – қалыптастырушы бағалау кезінде, сондай-ақ курс аяқталғаннан кейін оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау.

Қалыптастырушы бағалау білім мен дағдыларды аралық бақылау және түзету үшін қолданылады. Практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ үзіндісін жобалау, тапсырмалар жүйесі түрінде

өткізіледі.

Қалыптастырушы бағалау тақырыптар бойынша жүзеге асырылады.

Тапсырмалар, орындау бойынша ұсынымдар, орындау мысалдары, өзін-өзі тексеруге арналған эталондар, тапсырмаларды бағалау өлшемшарттары біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке қажеттіліктері бойынша кеңес беру камтамасыз етіледі.

Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындауын бақылайды, толықтыруды қажет ететін тұстары мен тәсілдерді көрсетілген толық кері байланысты ұсынады.

Әр тапсырмада тексеру және өзін-өзі тексеру үшін орындау стандарты немесе бағалау критерийлері бар.

Тест тапсырмалары қорының құрылымы

№	тақырыптар	Сағат саны	Тыңдаушының тестіндегі сұрақтар саны	Тест тапсырмалары банкіндегі сұрақтар саны
1	1.2 тақырып.	8	3	15
2	1.3 тақырып.	8	3	15
3	1.4 тақырып.	8	3	15
4	1.5 тақырып.	8	3	15
5	1.6 тақырып.	8	3	15
6	1.7 тақырып.	8	3	15
7	1.8 тақырып.	8	3	15
8	1.9. тақырып.	8	3	15
БАРЛЫҒЫ			24	120

Баллдарды бағаларға ауыстыру шкаласы

Баға	% бойына орындау көлемі	Ұпай
5	90%-100%	21-24
4	75-89%	18-20

3	50-74%	12-19
2	50% - дан аз	12 ұпайдан аз

Бағдарламаның тиімділігін бағалау

Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалау Томас Гаскидің кәсіби даму тиімділігінің бес деңгейлі моделі бойынша жүргізіледі. Бағдарламаның тиімділігін бағалаудың бірінші және екінші деңгейлері тікелей оқу аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Бағалаудың үшінші, төртінші және бесінші деңгейлері бағдарлама бойынша оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жүзеге асырылады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Жалпы білім беретін мектептердің сынып жетекшілері іс-әрекетін курстан кейінгі қолдау формалары:

1. Жалпы білім беретін мектептердің сынып жетекшілері кәсіби дамуының нәтижелерін қолдау;

2. курстарды аяқтағаннан кейін бірінші күнтізбелік жыл ішінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары кемінде үш өзіндік жұмысын ұйымдастыру және өткізу;

3. біліктілікті арттыру курстарынан өткен және алған білімдерін, дағдыларын тәжірибеде сәтті қолданатын Жалпы білім беретін мектептердің сынып жетекшілерінің тәжірибе алмасу, олардың тәжірибесін қоғамда тану (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау) іс-шараларына қатысу үшін тарту;

4. біліктілікті арттыру бағдарламаларын түзету.

Тыңдаушылармен курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыруға арналған байланыс құралдары:

№	Байланыс құралдары
1	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен тыңдаушылармен әр түрлі байланыс құралдары (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.) арқылы үздіксіз байланысты жүзеге асыру
2	Бірлескен жұмыс үшін «БЖИТО» https://t.me/centrnitBot , https://www.instagram.com/p/Cd49SwgtjNh/?igshid=MDJmNzVkMjY= , https:// center-nit.kz платформасында кәсіби қолдау

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру үшін ресурстық қолдау:

№	Ресурстық қамтамасыз ету
1	«БЖИТО» https://t.me/centrnitBot платформасы, сайты https:// center-nit.kz

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.**Негізгі әдебиеттер:**

1. Орта білім беру жүйесі бойынша нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары. Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін реттеуші нормативтік құқықтық актілер. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы.
2. Педагогика кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары. Жалпы ереже. ҚР БҒМ №18 бұйрығы. Астана, 18.01.2017.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ереже / Ресми басылым. Астана, 2012. (ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж. №1080 қаулысы бойынша)
4. Аверьянов, А.И. Буллинг как вызов современной школе / А.И. Аверьянов // Педагогика, психология и социология. - 2023. - № 18. - С. 45-50.
